

мерческие проекты, требующие применения современных информационных технологий, визуализации данных и другого мультимедийного сопровождения.

Оразгалиева И.Е.

3 курс студенті, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Хасенова А.А.

т.ғ.м., оқытушы, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

ЗАМАНАУИ САЙТТАРДЫ ҚҰРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Соңғы жылдары веб-технологияның қарқынды дамуы жана браузерлердің жиі пайда болуымен және олардың жана нұсқаларының пайда болып, олардың жаңа технологияны қолдауы негіз болып отыр. Сондықтан веб-бағдарлама әзірлеу бағыттары үнемі өзгеріп отырады. Веб сайт қазіргі заман талабына сай болуы қажетті маңызы, сайтты тек ДК-дің мониторынан ғана емес, сонымен қатар смартфонның да экранынан көруге мүмкіндік беретін веб дамуындағы соңғы үрдістерді қолдану.

Бүгінгі таңда веб-технологиядағы жаңа әдістердің бірі сайтты landing page форматында жасау болып табылады. Landing page - бұл бір беттен тұратын толыққанды жұмыс жасай алатын сайт.

Бір беттік сайттар шағын мөлшерлі контентке ие бизнес компаниялары үшін ең қолайлы идея. Бірақ, қолданушыға басты хабарламаны жеткізу және сайттың сәйкес дизайнын таңдау тәртізді үлкен мөлшердегі тапсырманы шешу үшін бір ғана веб бет қолданушының есте сақтаған жөн. Бір беттік сайттарды қолдану метрі өте кең: дербес портфолио, сайт-визиткалар, шағын қызмет көрсететін бизнес-сайттар.

Жобаның басты мақсаты – жоғарыда аталған Landing page жаңа заманауи технологиясын негізге ала отырып, толыққанды жұмыс жасай алатын веб-сайт құру. Сонымен қатар, кейінгі кезде кеңінен қолданылып жүрген HTML5 және CSS3 мүмкіншіліктері мен артықшылықтарын сайт құруда пайдалану. Жоба барысында

құрылған сайттың ерекшеліктерін, жұмыстың нәтижелілігін ашып көрсету.

Жобаның есебі HTML5 және CSS3 негізгі функцияларын, әдістерін, ерекшеліктерін, қолданылу техникасын оқып меңгере отырып, теорияларды жүзеге асыруға көмектесетін бірнеше мысалдар қарастырып, пайда болған жаңа мүмкіндіктерді қолдануды үйрену.

Кез-келген сайтты жасаудағы өзектілік – ғаламтор қолданушыларына ақпаратты жеткізу болса, ал бұл жобаның өзектілігі қолданушыларға тек ақпаратты ғана жеткізіп қоймай, сонымен қатар, веб-сайт дизайны мен интерактивтілігін қазіргі заман талабына сай түрде жасау болып табылады.

Ғылыми жоба барысында академик Е.А. Бектөлеу атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің математика және ақпараттық технологиялар факультетіне арналып сайт жасалды. Сайт жасау үшін қазіргі кездегі табылған Landing page технологиясы негізге алынды, ал бағдарламалау жағынан HTML5, CSS3, jQuery кітапханасының компоненттері, Javascript программалау тілі қолданылды.

Факультет және кафедралар жайлы ақпарат толығымен гиперсілтемер арқылы басқа веб-беттердің ашылуы арқылы қолданушыға ұсынылды. Ал басты бетте тек қысқаша мәліметтер орналастырылған.

Басты бетте сайт мәзірі және слайдер түріндегі шағын фотогалерея орналастырылған.

Мәзір біріншісінен тұрады: главная, информация, история, кафедры, деятельность, контакты. Мәзір ерекшелігі оның браузер терезесіне қағысты тұрақты болуы, яғни веб-бетті айналдыру барысында мәзір басқа контентке қарағанда өз орнын сақтайды. Программалауда мәзірдің әр пункті жеке блок ретінде алынған және әрбір CSS каскадтық стильдер кестесінде main-menu классында тағайындалған.

Слайдер javascript программалау тілін қолдану арқылы жасалды, ал орналасу орны мен дизайнын жасау үшін CSS пайдаланылды. Слайдердегі суреттерді қолданушы тышқан көмегімен жылжыту арқылы көре алады. Слайдер site-slider деп аталатын класс арқылы сипатталған.



1 – сурет. Сайттың басы беті

Мәзірдің информация пунктін топ қаммен шерткенде веб бет төмен қарай жылжып, информация бөлімі қолданушыға ұсынылады. Сайт Landing page форматында болғандықтан, қолданушыға ұсынылған бөлікте факультеттің миссиясы мен мақсаты орналастырылған. Факультет жайлы толық ақпаратты читать далее гиперсілтемесі арқылы ашып қарауға болады.

История пункті факультеттің тарихы жайлы баяндайды. Бұл бөлімде де қолданушы толық ақпаратты читать далее гиперсілтеме арқылы келесі бетке өтіп қарай алады.

Факультетте төрт кафедра қызмет атқарады. Мәзірдің кафедра бөлімінде осы кафедралар жайында қысқаша мәліметтер орналастырылған.

Әр кафедраның өз алдына жеке тарихы, жеке ғылыми бағыттары, оқытушылар құрамы, кафедрада атқаратын міндеттері бар. Осы мәліметтерді толығымен қамту үшін әр кафедраның ішінде 6 гиперсілтеме орналастырылған: история кафедры, ФИО ППС, специальности, международное сотрудничество, научные направления, на кафедре, работа, проводимая кафедрой.

Аталған гиперсілтемелерді бір рет басқанда ішіндегі ақпарат ашылады екінші рет басқанда ақпарат жасырын болады. Яғни,

барлық 6 гиперсілтеменің ішіндегі ақпарат бір html файлда орналасқан, бұл өз кезегінде веб-программист үшін өте ыңғайлы және серверде бірнеше файлдың орнында 1 файл ғана орналасады. Мұндай гиперсілтемелер spoiler links деп аталады және jQuery кітапханасы мен CSS стильдер каскадтық кестесің қолдану арқылы жасалды.

Кафедрадан басты бетке өту үшін жоғарыда орналасқан мәзірдің қажетті пунктін шерту қажет.

Басты бет мәзірінің келесі пункті деятельность. Бұл бөлімге факультеттің атқаратын қызметтері: ғылыми бағыттары, факультет профессорлары дәрістерінің кестесі, халықаралық бірлестігі, тәрбие жұмыстары, білім беру бағдарламалары, факультет жаңалықтары, талапкерлерге арналған ақпараттар және фотогалерея орналастырылған.

Тышқан курсорын әр қызмет бейнесіне апарғанда мөлдір түспен бейне жабылып подробнее гиперсілтемесі шығады. Осы гиперсілтеме арқылы әр қызмет туралы толық ақпарат нұсқасын ашып оқуға болады.

Мәзірдің соңғы пункті контакты. Бұл бөлімде факультеттің мекен-жайы, байланыс телефоны және Қарағанды қаласының картасындағы орны көрсетілген.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында орта және шағын кәсіпкерлік өте қарқынды даму үстінде болғандықтан, интернет арқылы ресурстарға қолжетімді болу үшін немесе компаниялар өз өнімдерін жарнамалау үшін жеке Web бет ашу дағдыға айналып келе жатыр. Бүгінгі интернет технологияны көп компаниялар қолданбайты, қолданған күннің өзінде де Web беттерінің интерфейсі өте қарапайым. Ал заман талабына сай интерфейс болмағандықтан қолданушылардың қызығушылықтары төмендейді, сонымен қатар, бүгінгі таңда Дүниежүзілік өрмек өте функционалды орта болғандықтан оны қолданушылар сайттардың

Қорытындылай келе, жобаның барысында заманауи технологиялар қолданыла отырып, толыққанды жұмыс атқаратын сайт жасалды. Бүгінгі таңда бұл сайт браузерде жұмыс жасайды. Әрбір қолданушы www.ksu.kz адресі арқылы өтіп, факультеттер арасынан математика және ақпараттық технологиялар факультетін тауып алып, сілтемені ашып, қарап көруіне болады

немесе адрестік жолда бірден www.mit.ksu.kz адресін терсе де жеткілікті.

Зерттеудің кіріспесінде айқындалған мақсаттар орындалды. Яғни, жұмыстың теориялық және практикалық қыры толықтай ашылды деуге негіз бар.

Әдебиеттер:

1. Дронов Владимир HTML 5, CSS 3 и Web 2.0. Разработка современных Web-сайтов; БХВ-Петербург - Москва, 2011. - 416 с.
2. Дронов Владимир PHP, MySQL и Dreamweaver MX 2004. Разработка интерактивных Web-сайтов; БХВ-Петербург - Москва, 2010. - 448 с.
3. Костин С. П. Самоучитель создания Web-сайтов; Триумф - Москва, 2009. - 176 с.
4. Кристофер Б. Джонс 140 технологий раскрутки сайтов; Рид Групп - Москва, 2011. - 352 с.
5. Кузнецов М., Симдянов И. PHP. Практика создания Web-сайтов; БХВ-Петербург - Москва, 2012. - 347 с.
6. Лавдей Ланс, Нихау Сандра Проектирование прибыльных веб-сайтов; Манн, Иванов и Фербер - Москва, 2011. - 256 с.
7. Дакетт Джон HTML и CSS. Разработка и дизайн веб-сайтов; Эксмо - Москва, 2013. - 480 с.

Өмен Мағжан

1 курс студенті, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Турмуратова Д.А.

т.ғ.м., аға оқытушы,

академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

КОМПЬЮТЕРЛІК ВИРТУАЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бүгінгі таңда есептеу техникасы күнделікті отбасындағы тіршіліктен бастап ғарыштағы күрделі техникалық жүйелерді басқаруға дейін қолданылып отыр. Осы саладағы қол жеткен жетістіктер математика, физика, информатика және тағы басқа да ғылымдарының жедел дамуына үлкен үлес қосты. Сондықтанда,